

Abstract. Social infrastructure is an important issue among the topical issues of rural development. Currently this is one of the unsolved problems. Measures aimed to improve management of social infrastructure in rural areas have been explored. Its theoretical essence, types, value, main advantages have been determined. The provision of social infrastructure in rural areas at the State level has been presented. The dynamics of their development and assurance of rural settlements of Mangystau region with social objects have been analyzed based on indicators of 2016-2018. As part of the implementation of the State programs, along with the improvement of the socio-economic well-being of the village, measures should be aimed at the construction, reconstruction, major and current repairs of engineering infrastructure facilities, modernization of water and heat supply facilities. Monitoring of the results of socio-economic development of rural settlements in 2010 showed the increased number of RS with high potential. The main indicators used in the management of infrastructure development in rural areas have been considered.

Ключевые слова: сельское население, социальная, инженерная инфраструктура, сельские населенные пункты, новые технологии, модернизация, водо- теплоснабжение.

Keywords: rural population, social, engineering infrastructure, rural settlements, new technologies, modernization, water and heat supply.

Т.Н. Ларина, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын статистикалық зерделеу пәні ретінде халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру үшін жағдай жасау мақсатында жұмыс істейтін ауыл халқының

Ауыл шаруашылығын дамытудағы инфрақұрылымның рөлі жаңа жаһандану, климат және демографиялық өзгерістердің салдарынан артып келеді. Ауылдық жерлерде инфрақұрылымды жақсарту және өмір сүру сапасын жақсарту халықты қартайтып, жастар, білімді адамдар көші-қоны білім беру мен еңбек нарығын кеңейту және осы жолмен әлеуметтік интеграцияны қолдау мақсатында отандық инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді [4].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Соңғы уақытта инфрақұрылымның жіктелуі біршама кеңейді. 90-жылдары ғылыми-техникалық прогресстің жаңаруына байланысты инфрақұрылым бірнеше түрге бөлінді. Ауылдық жерлерді дамытудың негізгі мәселелерінің ішінде ауыл тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандырудың негізі болып табылатын, әлеуметтік инфрақұры-

лым басты орын алады. Қазіргі кезеңде ауылдық жерлердің әлеуметтік инфрақұрылымы нарықтық қатынастарға сәйкес толық қалыптаспағандығын көрсетіп отыр. Нарық жағдайында ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту – шешілмей қалған мәселелердің бірі болып табылады.

Ауылдық жерлердің әлеуметтік инфрақұрылымын жетілдіруінің маңыздылығын, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытудың қажеттілігін айқындауға ғылыми тұрғыдан айтарлықтай үлес қосқан шетелдік және отандық ғалымдар: Нукешева А.Ж., Мырзалиев Б.С., Айтманбетова А.А., Тұңғышбеков С., Бондаренко Р.П., Ларина Т.Н. және т.б. Көрсетілген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде инфрақұрылым және әлеуметтік инфрақұрылым анықтамаларының қалыптасуының теориялық мәселелері, ауылдық жерлердегі әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын жетілдірудің ауыл шаруашылығының дамуына оң әсерін тигізетіндігі теориялық және тәжірибелік талдау арқылы қорытындылар мен ұсыныстар келтірілген.

Зерттеудің ақпараттық базасын отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстары мен Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің Статистика комитеті мәліметтері құрады. Зерттеу әдістері

статистикалық және монографиялық болып табылады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазіргі кезеңде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының дамуы мемлекеттік ұлттық бағдарламалармен және осы мақсаттарға арналған материалдық өндіріс салаларының әртүрлі ұйымдарымен бөлінетін ресурстармен жүзеге асырылатын мемлекеттің әлеуметтік саясатпен анықталады.

Қазақстанда негізінен мемлекет қаржысы арқылы әлеуметтік сала мен инженерлік инфрақұрылымды дамыту ауылдық аумақтар өмір сүрудің қоғамдық қолайлы жағдайларын құру, ауылдық аумақтардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына өтуінің құқықтық экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларын құру ауылдық жерде еңбек нарығын кеңейту және оның тартымдылығын қамтамасыз ету ауылдық жерде тұрудың мәртебесін арттырудың негізін құру үшін республикалық және аумақтық мақсатты бағдарламалар жасалынып және жүзеге асыру мәселелері кеңінен қолдалынып келеді [5].

Сондықтан ауыл тұрғындары негізінен аудандық және ауылдық деңгейлерде жұмыс істейтін нысандарды пайдаланады (1 кесте).

1 кесте – Ауылдық жерлердегі мемлекеттік деңгейдегі қызмет көрсету мен әлеуметтік инфрақұрылым нысандары [6]

Қызмет көрсету салалары	Әлеуметтік инфрақұрылымның жұмыс істеу деңгейі	
	аудандық	ауылдық
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	Жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлер; тұрғын үй қорына қызмет көрсететін ұйымдарды; орталықтандырылған су, газ, энергетика, жылумен жабдықтау, канализация; қонақ үйлер	Жеке тұрғын үйлер; су, газ, энергетика, жылыту, канализация
Денсаулық сақтау	Аудандық ауруханалар; амбулаториялық емханалар; стоматологиялық клиникалар	Аурухана және амбулаториялық-емхана мекемелері
Білім беру	Білім беру бөлімі; мектепке дейінгі білім беру ұйымдары; жалпы білім беру мекемелер (мектептер, лицейлер, гимназиялар); кәсіптік лицейлер, колледждер	мектепке дейінгі білім беру ұйымдары; жалпы білім беру мекемелер
Мәдениет және демалыс	Мәдениет бөлімі; аудандық мәдениет үйі; кітапханалар; балалар өнер мектептері; мұражайлар; тарихи және мәдени ескерткіштер	Мәдениет үйлері, клубтар; кітапханалар; мұражайлар; мәдениет және табиғат ескерткіштері
Дене шынықтыру және спорт	Дене шынықтыру және спорт бөлімі; фитнес кешендері; спорт стадиондары; мамандандырылған спорт алаңдары	Спорт залдары; спорт алаңдары мен объектілер

Қазақстан Республикасының «Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру аяқталды. Осы жылдары ауылдық елді мекендердің әлеуметтік және ин-

женерлік инфрақұрылымдарын дамытуға қаржыландырудың барлық көздерінен 976 млрд. теңге бағытталды. Келесі кестеде Маңғыстау облысының демографиялық жағдайына талдау жасалынды (2 кесте).

2 кесте – Маңғыстау облысының демографиялық көрсеткіштері [7]

Атауы	2016	2017	2018.	2018-2016 ауытқу, %
Демография (жыл басына, адам)				
Маңғыстау облысы	626 793	642 824	660 317	105,3
Ақтау қаласы	185 935	185 894	186 238	100,1
Жаңаөзен қаласы	140 592	144 706	147 910	105,2
Бейнеу ауданы	64 943	66 768	68 281	105,1
Қарақия ауданы	35 519	36 700	37 204	104,7
Маңғыстау ауданы	36 910	37 813	38 531	104,3
Мұнайлы ауданы	137 786	144 181	152 826	110,9
Түпқараған ауданы	25 108	26 762	29 327	116,8

туу көсеткіштерінің өсуімен байланысты. Маңғыстау облысы халқының әлеуметтік инфрақұрылым нысындарымен қамтылуы туралы ақпаратты келесі кестеде (3 кесте) берілген.

3 кесте – Маңғыстау облысының ауылдық жерлерін әлеуметтік инфрақұрылым объектілермен қамтамасыз ету көрсеткіштері [8]

Атауы	2016	2017	2018	2018-2016 ауытқу, %
Денсаулық сақтау мекемелерінің саны (жыл аяғына)				
Аурухана ғимараттары				
Маңғыстау облысы	25	21	21	84
Ақтау қаласы	4	4	4	100
Жаңаөзен қаласы	3	2	2	66,6
Бейнеу ауданы	2	2	2	100
Қарақия ауданы	1	1	1	100
Маңғыстау ауданы	1	1	1	100
Мұнайлы ауданы	1	1	1	100
Түпқараған ауданы	1	1	1	100
Амбулаторлы-емханалық көмек көрсететін медициналық мекемелер				
Маңғыстау облысы	11	11	11	100
Ақтау қаласы	2	2	2	100
Жаңаөзен қаласы	2	2	2	100
Бейнеу ауданы	2	2	2	100
Қарақия ауданы	2	2	2	100
Маңғыстау ауданы	1	1	1	100
Мұнайлы ауданы	1	1	1	100
Түпқараған ауданы	1	1	1	100
Білім беру				
Мектепке дейінгі білім беру мекемесі				
Маңғыстау облысы	233	252	251	107,7
Ақтау қаласы	72	77	81	112,5
Жаңаөзен қаласы	45	48	49	108,8
Бейнеу ауданы	23	23	23	100
Қарақия ауданы	18	29	20	111,1
Маңғыстау ауданы	25	25	23	92
Мұнайлы ауданы	31	37	37	119,3
Түпқараған ауданы	15	19	18	120
Жалпы білім беру мектептері				
Маңғыстау облысы	132	134	134	101,5
Ақтау қаласы	25	25	25	100
Жаңаөзен қаласы	22	22	22	100

Бейнеу ауданы	25	25	25	100
Қарақия ауданы	15	15	15	100
Маңғыстау ауданы	21	21	21	100
Мұнайлы ауданы	12	13	13	108,3
Түпқараған ауданы	8	9	9	125

Маңғыстау облысы аудандарының әлеу-меттік объектілермен қамтамасыз ету көрсеткіштерін талдау нәтижесінде, облысымызда денсаулық сақтау мекемелерінің саны, соның ішінде аурухана ғимараттарының саны білім беру объектілеріне қарағанда асауын байқауға болады. Бұл жағдай облысымызда жекеменшік клиникалардың көбеюімен және халықтың міндетті медициналық сақтандырылуымен байланысты.

Мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде атқарылған бұл жұмыстар ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға жағдайлар жасайтын әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, ауылдардың орналасуын үлгілеу және мамандардың табысын арттыра отырып, оларды ауылдарда тұрақтандыру жөніндегі шаралар кешенін қамтиды [9].

Ауылдық аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың нысаналы индикаторларының бірі даму әлеуеті жоғары ауылдардың санын арттыру болып белгіленді. Ауылдық елді мекендердің 2010 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысына жүргізілген мониторинг әлеуеті жоғары ауылдық елді мекендер санының өсу үстінде екендігін көрсетті.

Ауыл инфрақұрылымның дамуын талдау, жоспарлау мен реттеу процесінде қолданылатын көрсеткіштер жүйесін жасауда келесі принциптерді қолдану дұрыс:

— инфрақұрылымның әр объектісіне (объектілер тобына) нақты, оған тән көрсеткіштер жүйесі сәйкес келуі керек;

— объект пен жалпы инфрақұрылымдық кешен арасында көрсеткіштердің салыстырымдылығын қамтамасыз ету керек;

— көрсеткіштер жүйесі икемді болу керек, яғни жаңа инфрақұрылымдық элементтер пайда болуына қатысты инфрақұрылымның құрамы мен қызмет етуінің өзгеруіне байланысты көрсеткіштер жиынымен түрлендіріп отыру қажет;

— көрсеткіштер жүйесі оның даму жақтарының барлығын көрсетіп отыруға міндетті, яғни кешенді болу керек;

— инфрақұрылымдық объектілердің немесе жалпы инфрақұрылымдық кешеннің жағдайы мен қызмет етуін мінездейтін көрсеткіштерді өндірістік кәсіпорындардың,

экономика салаларының қызметінің соңғы нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштермен байланыстырып отыру керек.

Тұжырымдар.

1. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында ауылдық елді мекендерді білім беру нысандарымен қамтамасыз ету деңгейі өсіп, ауылдық мектептердің материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Соның ішінде бірыңғай ақпараттық кеңістік құру үшін ауылдық білім беру ұйымдарын Қазақстанның бірыңғай білім беру жүйесіне телекоммуникациялық желілер және интернет арқылы қосу жөнінде көптеген жұмыстар атқарылды.

2. Ауылдың инфрақұрылымын жақсартудағы мемлекеттің соңғы құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы, «Ақ бұлақ» бағдарламасы, «Өңірлерді дамытудың 2020-ға дейінгі бағдарламасы» және т.б. Бұл бағдарламалар экономиканы, өнеркәсіпті, әлеуметтік саланы, қоғам өмірін жақсарту мен дамыту аясында шаралар мен іс-әрекеттер жүйесіне негізделген, институционалдық негіз бен жағдайларды жасақтауға бағытталушы жасақталған және келісілген экономикалық механизмдерді көрсетеді. Жасақталған мақсатты бағдарламаның басты мақсаты экономиканың, мемлекеттің және қоғамның басымдықты және проблемалық жақтарына қаржы ресурстарын шоғырландыру және бағыттау болмақ [10].

3. Алайда, еліміздің ауылдық жерлердегі инфрақұрылымды жақсартуда әлі де болса, бірқатар кемшіліктер бар, олар – саланы құрылымдық-технологиялық жаңғырту қарқынының төмен болуы, нарықтық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақтауар өндірушілер болып келуі, саланың қаржылық тұрақсыздығы, саланы дамытуға және инфрақұрылымды дамытуға тартылатын жеке инвестициялардың жеткіліксіздігі, білікті кадрлардың тапшылығы. Сонымен қатар, саланың инвестициялық қызметіне әсер еткен қаржы, ал одан кейін азық-түлік дағдарысы қосымша проблемалар тудырды. Бүгінгі күні алдымызда үлкен жауапты

міндет тұр, ол – ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, сол арқылы оның бәсекеге қабілеттілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету.

Әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.А. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Астана: Ақорда [Электрондық ресурс]. – 2018. - URL: http://www.akorda.kz/kz/legal_acts/memleket-basshysynyn-2018-zhylygy-5-kazanda-gy-kazakstandyktardyn-alauka-tynyn-osui-tabys-pen-turmys-sapасыn-arttyru-atty-kazaks-tan-halkyna-zh (қаралған күні: 19.02.2019).

2 Бондаренко Р.П. Роль и значение социальной инфраструктуры села: материалы II междунар. науч. конф. «Экономика, управление, финансы».- Пермь: Меркурий, 2012.- С. 183-185.

3 Ларина Т.Н. Статистическое обеспечение управления качеством жизни населения сельских территорий.- Оренбург: Издательский центр ОГАУ, 2012. -226 с.

4 Дмитриева Т.Е., Акишин В.С., Зорина Е.Н. и др. Модернизация инфраструктуры развития сельских территорий. - Сыктывкар: ООО «Ками республиканская типография», 2016. – 241 с.

5 Нукешева А.Ж., Саймагамбетова Г.А., Косымбаева Ш.И. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту// Проблемы агрорын-ка. –2018.-N3.- Б. 209-215.

6 Маңғыстау облысы бойынша Статистика департаменті «Маңғыстау облысының аудандары брошюрасы» [Электрондық ресурс].- 2018.-URL: <http://www.stat.gov.kz> (қаралған күні: 16.10.2018).

7 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. – Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті, 2018.-278 б.

8 Маңғыстау облысы бойынша Статистика департаменті // Брошюра «Маңғыстау облысының аудандары».-Ақтау, 2016.-19 б.

9 Тұңғышбеков С. Ауылды қолдау нәтижелері [Электрондық ресурс].- 2018.- URL: <https://egemen.kz/article/auyldy-koldau-natizheleri> (қаралған күні: 16.11.2018)

10 Мырзалиев Б.С., Айтманбетова А.А. Ауыл аумақтарында инфрақұрылымның

әлеуметтік дамуы // Проблемы агрорын-ка.- 2017.-N 1.- Б.117-124.

Әдебиеттер тізімі

1 Nazarbaev N.A. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. Memleket basshysy N.Ә.Nazarbaev-тың Қазақстан халқына жолдауы. – Astana: Akorda [Jelektrondyq resurs]. – 2018. - URL: http://www.akorda.kz/kz/legal_acts/memleket-bas-shysynyn-2018-zhylygy-5-kazandagy-kazakstan-dyktar-dyn-al-aukatynyn-osui-tabys-pen-turmys-sapa-syn-arttyru-atty-kazakstan-halkyna-zh (қаралған күні: 19.02.2019).

2 Bondarenko R.P. Rol' i znachenie social'noj infrastruktury sela: materialy II mezhdunar. nauch. konf. «Jekonomika, upravlenie, finansy».- Perm': Merkurij, 2012.-S. 183-185.

3 Larina T.N. Statisticheskoe obespechenie upravlenija kachestvom zhizni naselenija sel'skih territorij.- Orenburg: Izdatel'skij centr OGAU, 2012. -226 s.

4 Dmitrieva T.E., Akishin V.S., Zorina E.N. i dr. Modernizacija infrastruktury razvitija sel'skih territorij. - Syktyvkar: ООО «Komi respublikanskaja tipografija», 2016. – 241 s.

5 Nukesheva A.Zh., Sajmagambetova G.A., Kosymbaeva Sh.I. Auyldyң әлеуметтік инфрақұрылымның дамыту// Problemy agrorynka. – 2018.-N3.- Б. 209-215.

6 Маңғыстау облысы бойынша Статистика Департаменті «Маңғыстау облысының аудандары брошюрасы» [Jelektrondyq resurs].- 2018.-URL: <http://www.stat.gov.kz> (қаралған күні: 16.10.2018).

7 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. – Astana: Қазақстан Respublikasy Ұлттық jekonomika ministrliги Statistika komiteti, 2018.-278b.

8 Маңғыстау облысы бойынша Statistika Departamenti // Broshjura «Маңғыстау облысының аудандары». -Ақтау, 2016.- 19 б.

9 Тұңғышбеков С. Ауылды қолдау нәтижелері [Jelektrondyq resurs].- 2018.- URL: <https://egemen.kz/article/auyldy-koldau-natizheleri> (қаралған күні: 16.11.2018).

10 Myrzaliev B.S., Ajtmanbetova A.A. Auyld aumaktarynda infraqurylymның әлеуметтік дамуы // Problemy agrorynka.-2017.-N 1.- Б.117-124.